

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 84-қ қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 6-қ қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 5 ақпанда № 5335 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 13, 2016 жылғы 20 ақпандағы № 14 және 2016 жылғы 24 ақпандағы № 15 сандарында ресми жарияланған) ;

2) "2016 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 16-қ қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 11 ақпанда № 5346 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 13 санында ресми жарияланған) .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

А. МҰХИМОВ